***М.ОСПАНОВ АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ***

***Факультет:*** Жалпы медицина
***Кафедра***: Қазақстан тарихы және қоғамдық-гуманитарлық пәндермен психология және педагогика
***Дисциплина:*** Психология негіздері
***Курс:***І
***Тақырыбы***:Көпұлтты Қазақстан жағдайында тұлғаны

полимәдениетті бағытта тәрбиелеу.Маман тұлғасы

***Орындаған***:Айтқали Д.Қ
***Тобы***:102 А
***Тексерген***:Книсарина М.М

Қазіргі таңда психологияның алдыңғы міндеттері қоғам дамуының бағдарламаларын анықтайды. Еңбек психологиясында жеке тұлғаларды зерттеуге көп көңіл бөлінеді. Психологиялық зерттеулердің негізгі міндеті мамандануымен, мансаптық өсумен, еңбек қызметінің жетістіктерімен байланысты көрсеткіштерді анықтау болып табылады.

Еңбек өнімінің дамуы, техника мен технологияның дамуына, білім беру мен денсаулық сақтау жүйесін жақсарту, осының барлығы адамға қатысты мәселелерді ғылыми зерттеуді талап етеді. Жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыру мемлекеттің ең басты міндеттерінің бірі.



Өмір сүру барысында дамитын тұлғаның, маман тұлғасының ерекшеліктерін меңгеретін білімінің көлемі мен сипаты, қызығушылығы, кез-келген ортада қарым-қатынасқа түсе білуі, зейін қасиеттерінің жоғарғы деңгейде болуы, адамгершілік қасиеттері, осылардың барлығы адамның белгілі бір жағдайға еркін жауап қайтаруына белсенді және мақсатты түрде әсер етеді.

Ғылым мен техниканың қарқынды дамуы болашақ мамандардың талғамының өсуі, электронды кітап, интернет және компьютер құралдарының кең көлемде қолданылуы тағы басқа ақпараттық құралдардың пайда болуы, білім беру саласында жаңа технологиялық әдістерді енгізуге ықпал етуде.





Маман тұлғасын қалыптастыруда олардың бейімділігін, қабілетін,психофизиологиялық қасиеттерін еске алу қажет. Мамандықты таңдауда екі факторды ескерген жөн:

- Білім деңгейі
- Адамның  жеке қасиеттерін, қабілетін, мүмкіншілігін дамыту бейімділігінің арнайы қабілеттерінің динамикасы. Мамандықты анықтауда жан-жақты зерттеу, кеңес беру арқылы көмек көрсету.


Моя мечта...
ПРОФЕССИЯ



Маманның еңбек мәдениетінің көрсеткіші: жұмысты сапалы және тиімді істеу, уақытты ұтымды пайдалану, еңбек құралдарына, түрлі материалдарға құндылықпен қарау, өзіндік белсенділігін көрсете білу, дербестік, алдағы жұмысының кезеңдерін белгілеп білу, еңбек процесін талдау және іс құжаттарын сауатты жасай білуі.



Адамның маман ретінде қалыптасуы оның тұлға ретінде дамуымен байланысты. Маманның білім алуының бастапқы сатыларында маман ретінде даму тұлғалық дамудың деңгейі болады.



Адамның тұлғалық, маман ретінде қалыптасуы көп сатылы кезеңдерден тұрады. Әрбір кезеңінде жетістіктерге жеткен адам ғана жақсы нәтиже көрсете алады. Өз ісінің маманы ретінде қалыптасқан тұлғалар, үлгі тұтар азаматтарымыз еліміздің мақтанышы.



- Қазіргі таңда мамандарды кәсіби даярлаудың белгілі бір деңгейіндегі сапасы мен бағыты еңбек нарығында оның бәсекеге түсу қабілетінің негізгі шарты болып табылады.



Нарық бәсекесіне  түсе алатын адами және кәсіби құндылық қасиеттерімен қатар  маманның ақпараттық мәдениетін қалыптастыру қазіргі таңның кезек күттірмес мәселелерінің бірі.